

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 98 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 443 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 98 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 215-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Миссия және пайымдау» деген 1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Миссия: қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экономика салаларын және қоршаған ортаны сумен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету жөнінде жағдай жасау.

Пайымдауы: қолайлы қоршаған орта, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және адам өмірі мен денсаулығы, экономика, бизнес үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «жасыл экономика» қағидаттарын енгізу.»;

«Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларының даму үрдісін талдау» деген

2 - б ө л і м д е :

«Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» деген 1-стратегиялық б а ғ ы т т а :

қоршаған ортаны қорғау саласын дамытудың негізгі параметрлері мынадай мазмұндағы жиырма тоғызыншы, отызыншы және отыз бірінші бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 20-23 маусым аралығында Рио-де-Жанейро (Бразилия) қаласында өткен БҰҰ «Рио+20» орнықты даму жөніндегі конференциясында «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы деген қазақстандық бастамашылықты ұсынды. Аталған Конференцияда «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы көрініс тапқан «Біз қалайтын болашақ» атты қорытынды құжат қабылданды».

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын одан әрі іске асыру мақсатында, сондай-ақ Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты

Қазақстан халқына жолдауын орындауда Қазақстан «жасыл» технология трансферті үшін институционалдық негіздерін құру қажет.

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын іске асыру үшін бірінші кезеңде (2013 - 2014 жылдары) ұйымдастыру іс-шараларын өткізу жоспарлануда.»;
негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау мынадай мазмұндағы бірінші, екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Еліміз үшін реформалауды талап ететін маңызды экономика сегменттерінің бірі коммуналдық қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу секторы болып табылады. Қазақстанда осы бағыттағы жұмыс қалыптасу кезеңінде.

Осы секторға халықаралық қаржы институттарының қызығушылығы 2012 жылы Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен ҚТҚ секторындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға ықпал етті. Осы Меморандум шеңберінде Мемлекет басшысының қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында ҚТҚ басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі инвестициялардың негіздемелерін әрбір қала немесе өңір үшін нақты әзірлеу көзделген.

Бұл ретте ҚТҚ секторын дамытуды қаржыландыру тетіктерінің әртүрлі нұсқалары мен қалдықтарды қайта өңдеу кезіндегі мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-қимылын ұйымдастыру схемалары қаралатын болады, бұл осы секторды қаржыландыру проблемаларын шешуі мүмкін.»;

«Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға көшуі» деген 2-стратегиялық бағытта:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі» ;

қоршаған ортаны қорғау саласын дамытудың негізгі параметрлерінде:
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан үшін «жасыл» даму бірінші кезекте индустриялық және энергетикалық секторларда төменкөміртекті дамуды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, су секторлары, ауыл шаруашылығы, өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу мәселелерін шешуді білдіреді. Мемлекет неғұрлым қатаң экологиялық стандарттарды басқару, енгізу қағидаттарын қайта қарауы және жаңа «жасыл» технологияларды енгізуді де үйренуі керек.» ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«2012 жылғы есептік деректер бойынша 2010 жылы парниктік газдардың шығарындылары CO2 эквивалентінде 262,7 млн. тонна немесе базалық 1990 жылға 73 % құрады.» ;

үшінші бөлікте:

«2009» деген сандар «2010» деген сандармен ауыстырылсын;

«17,3» деген сандар «16» деген сандармен ауыстырылсын;
«13,7» деген сандар «12» деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы кіші бөлімдермен толықтырылсын:

«Жаңартылатын энергия көздері

Қазақстан 2013 жылғы 1 қаңтардан басталып 8 жылға созылатын және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын Киото хаттамасының екінші сынақ кезеңі үшін парниктік газдардың шығарындыларын 1990 жылғы базалық деңгейден 5 % қысқарту бойынша сандық міндеттемелерімен Киото хаттамасы Б Қосымшасы мемлекеттерінің тізіміне енді. Сонымен бірге Киото хаттамасының 20 және 21-баптарына сәйкес аталған түзету оны қабылдаған Тараптар үшін депозитарий қабылдау туралы құжатты осы Хаттама Тараптарының кемінде төрттен үшінен алған күнінен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді. Түзету оны ратификациялаған мемлекеттер үшін ғана күшіне енеді.

Бұл мақсатқа экономиканың энергия сыйымдылығын азайту есебінен ғана жету қиын болады. Парниктік газдардың шығарындыларын қысқартуда экологиялық таза жаңартылатын энергия көздері елеулі мәнге ие болып табылады.

Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін қоса алғандағы барлық энергия тұтынудың кем дегенде тең жартысы келуге тиіс. Мемлекет басшысының қойған міндеттерін орындау үшін жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) саласында жобаларды орындауға жағдай жасау, инвестициялар тарту бойынша сауатты саясат әзірлеу қажет.

ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру инвесторлардың, оның ішінде отандық инвесторлардың меншікті және қарыз қаражаты есебінен жүзеге асыру көзделіп отыр. Осыған байланысты ЖЭК пайдалануды қолдау шараларын қабылдау қажет етіледі.

Green 4 жобасын іске асыру

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан дамуының негізгі басымдықтарының бірі мемлекеттің «жасыл экономикаға» көшуі деп көрсетілген. Пилоттық жоба ретінде Green 4 жобасын іске асыру атап өтілді.

Green 4 жобасы Алматы қаласына іргелес аумақтарда тиімді және экологиялық таза ортасы бар 4 серіктес қала салуға бағытталған. Жалпы ауданы – 8 мың га. Жоспарланған саны – 304 мың адам. Жобаны іске асыру және жобаның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында серіктес қалалар базасында арнайы экономикалық аймақ құру, жасыл технологиялар кластерін құру, инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу қажет.

Қазақстан Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша Қазақстанның «жасыл»

экономикаға көшу стратегиясын әзірлеуге кірісті. Стратегия Қазақстан экономикасын қайта құруға, қазіргі экологиялық проблемаларды шешуге және болашақта экологиялық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Астанада ЭКСПО-2017 өткізу бизнестің бірегей «жасыл» бағыттарын, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруға, сондай-ақ еліміздің «жасыл» даму жолына көшу процесін жылдамдатуға мүмкіндік береді.»;
негізгі проблемаларды талдау мынадай редакцияда жазылсын:

«Негізгі проблемаларды талдау

Атмосфераға парниктік газдар шығарындыларының көлемі бойынша негізгі ластаушы еліміздің энергетикалық секторы болып табылады. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексіне сәйкес парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулері саласында мемлекеттік реттеу жүйесі, квоталарды сату нарығы енгізілуде. Үкімет Парниктік газдар шығарындыларына 2013 жылға арналған квоталар бөлудің ұлттық жоспарын бекітті. Жоспарда экономиканың негізгі: энергетика, көмір, мұнай және газ өндіру, сондай-ақ өнеркәсіп секторлары қамтылған. Осы кәсіпорындар үшін Еуропалық сауда схемасы үлгісінде парниктік газдар шығарындыларына арналған квоталардың сауда үшін алаң ұйымдастырылады. Парниктік газдардың артық шығарындысы үшін айыппұл төлету көзделген.

Сонымен қатар табиғат пайдаланушылардың пікірінше, парниктік газдардың белгіленген көлемін арттырғаны үшін айыппұл төлету ерте және экономиканың барлық секторлары үшін айтарлықтай қаржылық тәуекелге әкеліп соқтырады.

Осыған орай парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу және квоталармен сауда жасаудың ішкі жүйесі мәселелері бойынша заңнамалық базаны жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу қажет.»;
мынадай мазмұндағы 3-стратегиялық бағытпен толықтырылсын:

«3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ су қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

Су, орман, аңшылық және балық шаруашылықтарындағы дамудың негізгі параметрлері

Балық шаруашылығын дамыту

2012 жылы республикада жұмыс істейтін республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып табылатын 3 балық питомнигі, 1 уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы, 2 бекіре балығын өсіру шаруашылығы және Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы 158,4 млн. дана бағалы балық түрлерінің шабағын (балықтардың бекіре, тұқы, дөңмандай, ақ амур, ақсақа балық түрлері) өсірді және табиғи су айдындарына жіберді.

2012 жылы балық аулау 38,6 мың тоннаны құрады. Балық ресурстарын пайдаланудан мемлекеттік бюджетке 508,5 млн. теңге сомасында төлем енгізілді.

Балық ресурстарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар 6839 балық қорғау заңнамаларын бұзу фактісін анықтады және жолын кесті, 41,2 млн. теңге сомасында айыппұл салынды. Құқық бұзушылардан жалпы көлемі 37 тонна балық, оның ішінде 402 килограмм бекіре тұқымдас балық тәркіленді.

Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерін пайдаланушыларға ұзақ мерзімге бекітіп беру бойынша іс-шараларды іске асыру жалғасуда, бұл балық шаруашылығын дамытуға олардың қаражаттары мен инвестицияларын тарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

Өткен кезеңде 1106 балық шаруашылығы ұйымына 10 жылға дейінгі мерзімге 2034 халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындары мен учаскелері бекітіліп берілді.

Орман және аңшылық шаруашылықтарын дамыту

2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасын іске асыру мақсатында 2012 жылы облыс әкімдіктерінің орман қорғау мекемелері мен Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің табиғат қорғау мекемелері 70,0 мың гектар алаңда, оның ішінде 57,4 мың гектар алаңда ағаш отырғызу және егу әдісімен және 12,6 мың гектар алаңда ормандарды табиғи жаңартуды қолдау әдісімен ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді. Ормандарды молықтыру көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 12 %, ал 2005 жылмен салыстырғанда 54 % өсті.

Астана қаласының жасыл аймағын құру жұмыстары жалғасуда. 2012 жылғы көктемде оны 5 мың гектар алаңда құру бойынша жұмыстар жүргізілді. 1997 жылдан бастап барлығы 60 мың гектар екпе ағаштары отырғызылды.

2012 жылы республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтары мен мемлекеттік орман қорының аумағында 6,6 мың гектар алаңда 665 орман өрті болды, оның ішінде орманды жерлер 4,7 мың гектарды құрады. Орман өртінен келген шығын 165327 мың теңгені құрады.

2012 жылғы орман өрттерін талдау 2011 жылмен салыстырғанда олардың алаңдары 52 % ұлғайғанын көрсетті, бірақ соңғы 5 жылдағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда орман өрттерінің алаңы 1,5 % азайды.

Орман қорына қауіп төндіретін дала өрттерін уақытында анықтауға және жоюға авиациялық патрульдеу жүргізумен қол жеткізілді.

2012 жылы «Қазақавиарманқорғау» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 8897 сағат көлемінде ормандарды авиациялық патрульдеуді жүзеге асырды, бұл ретте 351 орман өртін анықтады және жойды (орман өртінің жалпы саны 433 жағдайды құрайды), ол қорғалатын аумақтың (8869 мың га) жалпы санының 81 % құрайды (жоспарда 72 %).

Соңғы жылдары орман шаруашылығының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша қабылданған шаралар, саланы бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту нәтижесінде заңсыз ағаш кесу көлемін айтарлықтай азайтуға қол жеткізілді.

Ағымдағы жылдың басынан бері өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар құқық қорғау органдарымен бірлесіп, 17324 рейд өткізді, бұл ретте көлемі 398 текше метрді құрайтын ағашты заңсыз кесудің 830 фактісі анықталды. 448 орман заңнамасын бұзушыға 4999 мың теңге сомасында айыппұл салынды, оның ішінде 316 бұзушы 3878 мың теңге төледі. 651 бұзушы 12177 мың теңге талапқа ұсынылды, оның ішінде 477 бұзушыдан 8987 мың теңге өтелді.

Бұзушылардан 1046 текше метр заңсыз дайындалған сүрек, сондай-ақ құқық бұзушылардан 30 құрал алынды.

Ағаштарды заңсыз кесу фактісі бойынша 246 іс сотқа және 186 іс құқық қорғау органдарына берілді, бұл ретте сот 219 әкімшілік және 9 қылмыстық іс қарады.

2012 жыл бойы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 қаулысымен бекітілген «2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасына сәйкес сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлар мен киіктердің санын сақтау және қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Аңшылық шаруашылықтарының қорықшылар құрамы мен орман және аңшылық шаруашылығы облыстық аумақтық басқармаларының инспекторлары жануарлардың ауланатын түрлерін қорғауды жүзеге асырды.

2012 жылы өткізген киіктерді есепке алу нәтижелері бойынша киіктердің жалпы саны 137,5 мың дарақты (35,5 мың дарақ немесе 2011 жылға қарағанда 34,8 %-ға көп), оның ішінде: бетпақ далалық киіктер – 110,0 мың, үстірттік киіктер – 6,5 мың және оралдық киіктер – 20,9 мың дарақты құрайды.

Биологиялық әртүрлілікті сақтаудың тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру болып табылады.

2012 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1496 қаулысымен киіктер мен далалық экожүйелерді сақтау үшін Қостанай облысында жалпы ауданы 489,7 мың га «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты құрылды.

Су ресурстарын басқару

2012 жылы республикалық меншіктегі су шаруашылығы объектілері мен құрылыстарының орнықты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңарту және гидромелиоративтік жүйелерді күрделі жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілді.

2012 жыл бойына күрделі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары 22 аса апатты су шаруашылығы объектілерінде, қайта жаңарту бойынша іс-шаралар 42 гидротехникалық құрылыста өткізілген.

Су ресурстарын басқарудың негізгі проблемаларының бірі су шаруашылығы инфрақұрылымының қанағаттанарлықсыз жағдайы болып табылады.

Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының нақты тозуы 60 %-дан аса құрайды. Стратегиялық маңызды құрылыстардың сенімділігі мен қауіпсіздігі

төмендеген. Кіші және орта гидротораптардың бөгеттері аса апатты жағдайда, олардың бұзылуы техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау себебі болып табылады.

Тарату желілерінің пайдалы әсер коэффициентінің төмендігі, судың көп шығындары, жер асты суларының көтерілуі және маңындағы жерлердің тұздануы **б а й қ а л ғ а н .**

Қазіргі проблемаларды шешу гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңарту, аса апатты гидромелиоративтік жүйелерді қалпына келтіру, суармалы егіншілікте суды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша іс-шаралар кешенін уақытылы орындаумен **б а й л а н ы с т ы .**

Су ресурстарын басқару бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында бірінші кезеңінде 2020 жылға қарай халықты ауыз сумен қамтамасыз ету, екінші, 2040 жылға қарай суармалы егіншілікті сумен қамтамасыз ету мәселелері шешілетін болады.

Негізгі проблемаларды талдау

Орман және аңшылық шаруашылығының қазіргі уақыттағы ең маңызды проблемаларына мыналарды жатқызуға болады:

- 1) орман шаруашылығына үлкен залал келтіретін орман өрттері;
- 2) орман өрттерінің пайда болуына үлкен әсерін тигізетін дала өрттері. Олар да жануарлар дүниесінің жай-күйіне және жалпы биологиялық әртүрлілікке жоюшылық әсер етеді, ауыл шаруашылығына айтарлықтай залал келтіреді;
- 3) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің нашар материалдық техникалық қамтамасыз етілуі;
- 4) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелеріндегі өртке қарсы іс-шараларды жеткіліксіз қаржыландыру;
- 5) тарихи мекендеу ареалына реинтродукциялау үшін жануарларды қоныс аудару бойынша мақсатты жұмыстар үшін, гендік қорларды сақтау үшін, аңшылық шаруашылығын дамыту үшін арнайы мамандандырылған құрылымдық бөлімшелердің болмауы (жануарларды ұстау, карантин, тасымалдау және т.б.);
- 6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау бойынша міндеттерді жүктей отырып, оларға конкурстық негізде одан әрі бекіту мақсатында перспективті учаскелерді анықтау үшін аңшылық жерлерінің резервтік қоры аумақтарының жеткіліксіз зерттелуі;
- 7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша шараларды қолдану мақсатында жануарлар мен жыл құстарының негізгі миграциялық жолдары, аңшылық шаруашылығындағы аң-құстарды өсіру мәселелері зерттелмеген және анықталмаған;
- 8) жыртқыштардың ауыл шаруашылығы мен жабайы фаунаға келтіретін зияндарының барынша азайту бойынша алдын алу шараларын қабылдау үшін оларды есепке алу және оңтайлы саны бойынша мәселелер зерттелмеген.

Балық және су шаруашылықтарының қазіргі уақыттағы проблемаларына
мыналарды жатқызуда болады:

1) тауарлы балық өсірудің әлсіз дамуы. Осы бағытты қарқындату қажеттілігі табиғи су айдындарындағы балық шикізаты запастарының шектеулілігімен және су айдындарының суалуын болдырмау мақсатында оларда кәсіпшілік балық аулауды шектеу бойынша шаралар қабылдаудың қажеттілігімен түсіндіріледі;

2) Қазақстан бойынша орта есеппен 70,8 % ауыл тұрғыны орталықтандырылған су құбырларының суымен, 28,3 %-ы орталықсыздандырылған су көздерінің суымен қамтамасыз етіледі, ал халықтың қалған бөлігі (0,9 %) тасып әкелінетін суды және ашық су айдындарының суын пайдаланады;

3) су бөлу жүйелерінің құрылыстары мен желілерінің көпшілігі 20-30 жылдан астам уақыт бұрын пайдалануға берілген немесе күрделі жөндеуден өткен;

4) жалпы республика бойынша желілердің үштен екі бөлігі күрделі жөндеуді немесе оларды толық алмастыруды қажет етеді; тазартылмаған ағындарды тікелей сүзу алаңдарына түсіруі байқалады;

5) тек 41 қалада ғана толық технологиялық циклмен кәріздік тазалау құрылыстары бар, олардың ішінде, 10 қаладағы тозуы 70 %-ды құрайды;

6) бүгінгі таңда, суармалы жерлерге қызмет көрсететін ішкі шаруашылық гидромелиоративтік желілердің 90 %-ға дейінгі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің немесе олардың бірлестіктерінің - су пайдаланушылардың ауылдық тұтынушылар кооперативтерінің жеке меншігінде;

7) үлкен шығындылықтың, нашар материалдық базаның салдарынан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер жыл сайынғы мелиоративтік іс-шараларын (ішкі шаруашылық суару және коллекторлы-дренажды желілерді тазарту, суару алаңдарын қопсыту және жоспарлау, тұзданған жерлерді шаю) өз күштерімен жүргізе алмайды;

8) суару суына деген өсіп келе жатқан тапшылық, суармалы жерлердің экологиялық жағдайының нашарлауы жағдайында су үнемдеу технологияларын әзірлеу мен енгізу өзекті болып отыр.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Орман, балық және су шаруашылықтарын дамытуға әсерін тигізетін негізгі сыртқы және ішкі факторларға:

1) табиғи сипаттағы тәуекелдер (жаһандық жылыну, республикада және шектес мемлекеттерде өсімдіктер мен жануарлардың жаппай ауруы, құрғақшылық, гидрологиялық (судың аз болуы) режим, оттегі режимі, су тасқыны, сел, республикада және шектес мемлекеттерде су жануарларының жаппай ауруы, экожүйелерге бөтенекті түрлердің ену әсері және т.б.);

2) негізгі мелиоративтік қорлардың айтарлықтай тозуы және қанағаттанарлықсыз технологиялық жай-күйі;

3) суару технологиясының және қазіргі заманғы су үнемдеу технологияларын қолданудың төмен деңгейі;

4) жерлердің мелиоративтік жай-күйінің нашарлауы;

5) жабайы жануарлардың шектес мемлекеттерге жылыстауы кезінде ықтималшығындар;

б) трансшекаралық су ағындарының режимі бойынша қысқа мерзімде уағдаластыққа қол жеткізбеу, сондай-ақ бұрын қол жеткізілгендердің орындалмауы жатады.»;

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ су қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету»;

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлары, іс-шаралары және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру бойынша жағдай жасау» деген 1.1-мақсатта:

реттік нөмірлері 1, 2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

1	Ластаушы заттардың жалпы шығарындылары нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемдері 5 млн. тоннадан аспайтын болады (жыл сайын 2020 жылға дейін)	ведомстволық деректер	млн. тонна					5	5	5
2	Ластаушы заттардың төгінділері нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемдері 5 млн. тоннадан аспайтын болады (жыл сайын 2020 жылға дейін)	ведомстволық деректер	млн. тонна					5	5	5

»;

реттік нөмірлері 6, 7-жолдар алынып тасталсын;

«Қоршаған ортаға эмиссияларды тұрақтандыру» деген 1.1.1-міндетте:

реттік нөмірлері 8, 9-жолдар алынып тасталсын;

«Тарихи» ластануларды жою, табиғи ортаны қалпына келтіру» деген 1.1.2-міндетте: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 22-3-жолмен толықтырылсын:

«

22-3	Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бойынша инвестициялық негіздемелер саны	ведомстволық деректер	дана						8		
------	--	-----------------------	------	--	--	--	--	--	---	--	--

»;

«Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға көшуі» деген 2-стратегиялық бағытта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуі»;

«Парниктік газдар квоталарын сатуға арналған нарықтың жұмыс істеуіне жағдай жасау» деген 2.1-мақсат мынадай мазмұндағы 2.1.2-міндетпен толықтырылсын:

«2.1.2-міндет. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 90-1-жолмен толықтырылсын:

«

90-1	Жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясының көлемі	ЖАО	млрд. кВт/сағ.	0,37	0,4	0,4	0,45	0,65	1,0	-
------	---	-----	----------------	------	-----	-----	------	------	-----	---

»;

«Жасыл» экономика қағидаттарын қалыптастыру үшін жағдай жасау» деген 2.2-мақсат мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 108 және 109-жолдармен толықтырылсын:

«

108	«Жасыл көпір» халықаралық ұйымын құру									X
109	Green 4 жобасын іске асыру бойынша жол картасын әзірлеу					X				

»;

мынадай мазмұндағы 3-стратегиялық бағытпен толықтырылсын:

«3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ су қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

3.1-мақсат. Балық, орман ресурстары, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи қорық қоры объектілерін қорғау, тиімді пайдалану және қалпына келтіру.

Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың коды: 026, 027, 028, 029, 030, 031, 039

№	Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
				2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
110	Орманмен жабылмаған алқаптардың жабылған	есептік деректер	мың га.	4	4,5	5	5,5	6		7

	алқаптарға ауыстырылған жер алаңы									6,5	
111	Жануарлар дүниесін сақтау, оның ішінде:	есептік деректер	бірлік	200	200	200	200	200	200	200	200
112	ауланатын түрлерін,			93	93	93	93	93	93	93	93
113	сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау			107	107	107	107	107	107	107	107
114	Республиканың жалпы алаңындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі	есептік деректер	өткен жылға %	8,3	8,4	8,5	8,6	8,7	8,8	8,9	
115	Балық түрлерін сақтау:	есептік деректер	бірлік								
116	балық аулау объектілері болып табылатын			50	50	50	50				
117	сирек кездесетін және жойылып бара жатқан			18	18	18	18				
117-1	Балық және басқа су жануарларын аулау лимитін игеру пайызы	есептік деректер	%					63	65	67	

Нысаналы индикаторға жету жолдары, құралдары және әдістері: 3.1.1-міндет. Республика аумағында орманды жерлерді көбейту, орман өрттерінің алдын алу, оларды уақтылы анықтау және жою, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану

№	Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		жоспарлы кезең				
				2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
118	Ормандарды молықтыру және орман өсіру алаңы	есептік деректер	мың гектар	48,6	50	56	62	63	54	56
119	Орман өртінің орташа алаңын азайту	есептік деректер	гектар	8,2	18,2	6,8	11,0	10,9	10,8	10,7
120	1 заңсыз ағаш кесу оқиғасының орташа көлемін азайту	есептік деректер	шаршы метр	10,2	5,8	5,4	7,2	7,1	7,0	6,9
121	Киіктер санын көбейту	есептік деректер	өткен жылға %	32,7	5,5	10	10	10	10	10
122	Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жабайы тұяқты жануарлар түрінің санын олар мекендейтін аймақтарда тұрақтандыру:	есептік деректер	өткен жылға %							
123	тоғай кермаралы			6,3	4,4	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
124	құлан			3,5	1,5	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
125	қарақұйрық			0,1	0,7	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
126	арқар			0,8	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1

127	Есеппен және мониторингпен қамтылған сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жабайы тұяқты жануарлар түрлері	есептік деректер	бірлік	4	4	4	4	4	4	5
128	Аңшылық алқаптарды бекіту үлесі	есептік деректер	аңшылық алқаптардың жалпы аумағының %	48,5	49	49	49,3	49,5	49,7	50
129	Жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту	есептік деректер	мың гектар жыл сайын	211,8	447,9	88,9	489,9	250	69,2	71,1
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
	1			2	3	4	5	6		
130	Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу			X	X	X	X	X		
131	Жақсартылған тұқымдық сапасы бар отырғызылатын материалдарды алуды қамтамасыз ету			X	X	X	X	X		
132	Республиканың мемлекеттік орман қоры аумақтарына авиациялық патрульдеу жүргізу			X	X	X	X	X		
133	Орман қорының аумағында өртке қарсы жайластыру жұмыстарын жүзеге асыру			X	X	X	X	X		
134	Мекендейтін аумақтарында киіктерді қорғауды ұйымдастыру			X	X	X	X	X		
135	Мекендейтін аумақтарында сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жабайы тұяқты жануарларды қорғауды ұйымдастыру			X	X	X	X	X		
136	Шаруашылықаралық аңшылық ісін жүргізуді ұйымдастыру			X	X	X	X	X		
3.1.2-міндет. Балық ресурстарын қорғауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету										
№	Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
				2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
137	Табиғи су айдындарына жіберілген балық шабақтарының саны	есептік деректері	өткен жылға %			0,5	0,6			
137-1	Табиғи су айдындарына жіберілген балық шабақтарының саны	есептік деректері	млн. дана					158,4	158,4	158,4
138	Балық шаруашылығы су айдындарын және/немесе ұзақ мерзімді негізде халықаралық және	есептік деректер	су айдындардың	70	80	80	80	80	80	80

республикалық маңызы бар учаскелерді бекіту үлесі		жалпы санынан %		жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі						
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар				2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл		
1				2	3	4	5	6		
139	Халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарын мемлекеттік есепке алумен және мониторингпен қамтамасыз ету (саны)	X	X	X	X	X	X	X		
140	Мемлекеттік тапсырыс бойынша табиғи су айдындары мен су қоймаларына бағалы кәсіпшілік балықтардың өмірге төзімді шабақтарын жіберуді қамтамасыз ету	X	X	X	X	X	X	X		
141	Мелиоративтік (түп тереңдету) жұмыстарын жүргізу	X	X	X	X	X	X	X		
3.2-мақсат. Суды пайдаланудың және су қорын қорғаудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді деңгейіне қол жеткізу және қолдау. Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары: 032, 033, 034, 037, 038										
№	Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	есепті кезең		жоспарлы кезең				
				2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
142	Экономика салаларын су ресурстарымен қамтамасыз ету	есептік деректер	2020 жылға %			91	92	93	94	95
3.2.1-міндет. Су ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау, сумен қамту жүйелерін және су шаруашылығы құрылыстарын орнықты дамыту										
№	Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
				2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
143	Республикалық меншіктегі салынған су шаруашылығы объектілерінің саны	есептік деректер	дана	3		1	6			
144	Республикалық меншіктегі қайта жаңартылған және күрделі жөнделген су шаруашылығы құрылыстарының үлесі	есептік деректер	%	5,5	11,5	13,4	18,9	13,4	5,1	1,4
145	Республикалық меншіктегі қайта жаңартылған сумен қамту жүйелерінің үлесі (топтық су құбырлары)	есептік деректер	%	30,4	17,4	52,2	34,8	43,5	4,3	8,7
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар				жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі						
1				2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл		
1				2	3	4	5	6		

146	Зерттеу жүргізу, су ресурстарын басқару жүйелерін жетілдіру мақсатында жаңа әдістемелік негіздерін әзірлеу және қолданыстағыны жетілдіру, суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту, экономика салалары мен халықтың суға келешектегі тұтынушылығын қанағаттандыру үшін негізгі бағыттар мен шараларды анықтау	X	X	X	X	X
147	Су ресурстарын басқару бойынша бірыңғай ақпараттық-талдамалы жүйенің базалық негізін оны кейіннен республиканың барлық аумағында енгізумен әзірлеу	X	X	X	X	X
148	Табиғи көктемгі гидрологиялық режимді қалпына келтіру үшін өтемақылық су жіберуді өткізу	X	X	X	X	X
149	Белгіленген талаптарға сәйкес су берумен байланысы жоқ трансшекаралық және республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалануды қамтамасыз ету	X	X	X	X	X
150	Су шаруашылығы объектілерінің орнықты қызмет етуін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың туындау қаупін төмендету	X	X	X	X	X
151	Топтық су құбырларына қосылатын ауылдық елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету	X	X	X	X	X
152	Су объектілерін және су шаруашылығы құрылыстарын басқарудың автоматтандырылған және диспетчерленген жүйесін енгізу	X	X	X	X	X

»;

«Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі» деген 3.2-кіші бөлім мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы
1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту	
1.1-мақсат. Экожүйелерді сақтау және қалпына келтіру бойынша жағдай жасау	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы
	Ел Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан Азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты (IV басымдық)
	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына Жолдауы
	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының төмен көміртекті және «жасыл экономикаға» көшуі	

<p>2.1-мақсат. Парниктік газдар квоталарын сатуға арналған нарықтың жұмыс істеуі үшін жағдай жасау</p> <p>2.2-мақсат «Жасыл» экономика қағидаттарын қалыптастыру үшін жағдай жасау</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы ;</p> <p>«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 466 Жарлығы</p>
	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
<p>3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ су қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету</p>	
<p>3.1-мақсат. Балық, орман ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 қаулысымен бекітілген 2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасы.</p>
<p>3.2-мақсат. Суды пайдаланудың және су қорын қорғаудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді деңгейіне қол жеткізу және қолдау</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауы ;</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1176 қаулысымен бекітілген 2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы.</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>

»;

«Ведомствоаралық өзара іс-қимыл» деген 5-бөлімде:

«Ведомствоаралық өзара іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік орган» деген 2-бағанда «ҚТҮКШИА» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

<p>2.1.2-міндет. Жаңартылатын энергия көздерін дамыту</p>		
<p>2014 жылы жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін энергия көлемін - жылына 1 млрд. кВт. сағ. жеткізу</p>	<p>ИЖТМ, ЭЖБМ, АШМ, ТЖМ, ӨДМ</p>	<p>Жаңартылатын энергия көздері мәселелерін қозғайтын ұсыныстар әзірлеу және нормативтік құқықтық актілерді уақтылы келісу</p>
	<p>облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері</p>	<p>Қуаты 25 МВт дейінгі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы жобаларды келісу. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы объектілерді салу үшін жер учаскелерін резервте сақтау және беру.</p>

3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ су қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

3.1-мақсат. Балық, орман ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын, табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету

3.1.2-міндет. Республика аумағында орманды жерлерді көбейту, орман өрттерінің алдын алу, оларды уақтылы анықтау және жою, ресурстарын ұтымды пайдалану және жануарлар дүниесі ресурстарын мен табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану	ККМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	Жалпы орман қорының аумағындағы республиканың мемлекеттік орман қоры аумағында авиациялық патрульдеуді жүргізу
--	--	--

»;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуында:

мына:

«

ҚТҮКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

»

деген жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

ЭЖБМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ӨДМ - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

»;

«Тәуекелдерді басқару» деген 6-бөлімде:

«Сыртқы тәуекелдер» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Шектес мемлекеттерге жабайы жануарлардың жылыстауы кезінде мүмкін жоғалтулар	Киіктер санының азаюы	Жануарлардың санын сақтау жөнінде екіжақты келісімге қол қою
--	-----------------------	--

»;

«Ішкі тәуекелдер» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Табиғи сипаттағы тәуекелдер (құрғақшылық, үсік, қатқак, жылудың жетіспеушілігі, артық ылғалдану, бұршак, нөсер жаңбыр, боран, дауыл, су тасқыны, сел, жаһандық жылыну,		Өсімдік шаруашылығында қолайсыз табиғат құбылыстарынан міндетті сақтандыруды мемлекеттік қ о л д а у . Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер алдында сақтандыру жағдайлары бойынша өз міндеттемелерін
---	--	--

республикада және шектес мемлекеттерде өсімдіктер мен жануарлардың жаппай ауыруы)	жүзеге асыратын сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдерінің 50 пайызының кепілдігін қамтамасыз ету
---	---

»;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлім осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
С. Ахметов

Премьер-Министрі

Қазақстан
Үкіметінің
2013 жылғы 30 сәуірдегі
№ 443 қаулысына
қосымша

7-бөлім. Бюджеттік бағдарламалар

7.1. Бюджеттік бағдарламалар

Бюджеттік бағдарлама	001 «Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуін қамтамасыз ету, қоршаған ортаның сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту жөніндегі қызметтер»								
Сипаты	Министрліктің және оның аумақтық органдарының аппаратын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешенін жүргізу								
Бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына байланысты			мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету					
	іске асыру тәсіліне байланысты			жеке					
	ағымдағы/даму			ағымдағы					
Бюджеттік бағдарламаның атауы, іс-шаралары және көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	есептік кезең		жоспарлы кезең					
		2009 жыл (есеп)	2010 жыл (ағымдағы жоспары)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
100-бюджеттік кіші бағдарлама:									
тікелей нәтиже көрсеткіштері									
Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін орталық аппараттағы және аумақтық	адам			713	713	5287		5287	

орган аппараттарындағы мемлекеттік қызметшілердің саны							5287	
Халықаралық экологиялық конвенцияларды іске асыру шеңберінде әзірленген ұлттық баяндамалар саны	бірлік			6	4	4	4	4
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	адам			80				
Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын жобалар саны	дана				4	4		
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілген қоғамдық тыңдаулар саны	дана				3	1		
соңғы нәтиже көрсеткіштері								
Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде брошюралар шығару	дана				2	3		
Қазақстандық кәсіпорындардың экологиялық-энергетикалық рейтингі бойынша жинақтарын шығару және жариялау	дана				1	1		
Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілген дөңгелек үстелдер, семинарлардың саны	дана				1	1		
сапа көрсеткіштері								
Тәуекел дәрежесінің төмен және орташа деңгейіне жатқызылатын табиғат пайдаланушыларды тексеру ұзақтығы (күндер)	бірлік	30	28	28	28	28	28	28
Экологиялық рұқсат алу үшін талап етілген құжаттардың санын және оларды қарау мерзімін қысқарту	%		10	10	10			
тиімділік көрсеткіштері								
Экологиялық заңнаманы бұзушылық индикаторын төмендету (жүргізілген тексерістердің жалпы санына	%							
				77				

анықталған бұзушылықтардың қатынасы)								
Аталған бюджеттік бағдарламаның жалпы бюджеттік қаражат көлеміне қатысты шығындар бөлігі: экологиялық реттеу және бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етуге	%	63	67	70	70	70	70	
халықаралық конвенциялар мен келісімдерді іске асыруға	%	19	16					
әлеуметтік тапсырысты іске асыру бойынша	%			1,1	1,12			
101-кіші бағдарлама:								
тікелей нәтиже көрсеткіштері								
Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясын іске асыру жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу	бірлік		2					
Парниктік газдарды есептеу бойынша әзірленген әдістемелік нұсқаулық көрсеткіштерінің саны	дана			10	5			
Орхус орталығы қызметінің шеңберінде электрондық дерекқордағы экологиялық ақпараттар көлемін көбейту	бірлік		200	200	200			
соңғы нәтиже көрсеткіштері								
Монреаль хаттамасымен реттелмейтін көздердің антропогендік шығарындыларының кадастры және парниктік газдарды (ПГ) сіңірушілер абсорбциясы туралы ұлттық баяндама*	бірлік		1	1	1			
Орхус орталығы қызметінің шеңберінде экологиялық ақпарат алу жөніндегі өтінімдердің қанағаттандырылғандарының саны	бірлік		1300	200	200			
Қазақстан Республикасының көміртегі нарығына әлеуетті	бірлік		0	0	178			

қатысушылардың санын көбейту								
сапа көрсеткіштері								
Қазақстан Республикасының көміртегі нарығына қатысушылардың жалпы санына парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сатып алу-сату жөніндегі келісілген мәмілелердің саны	дана			0	0	2		
Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының толықтыру пайызы	%			8	8	8		
тиімділік көрсеткіштері								
1990 жылмен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларының көлемін жоғарылатпау *	%					73	76	
103-кіші бағдарлама:								
тікелей нәтиже көрсеткіштері								
Ұсынымдарды, нормативтерді, стандарттарды, нұсқаулықтар мен әдістемелерге иелік ету	тақырып					9		
104-кіші бағдарлама:								
тікелей нәтиже көрсеткіштері								
Қоршаған орта саласындағы ақпараттық жүйелерді тәжірибелік пайдалануға беру				1	1			
Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне тіркелген пайдаланушылардың саны	адам				100	150	200	
ТРМК веб-порталын пайдаланушылардың саны	адам				50	100	120	
соңғы нәтиже көрсеткіштері								
ҚОҚ БАЖ шеңберінде аумақтық бөлімшелер мен министрліктің орталық аппараты арасында экологиялық ақпарат алмасу үдерісін автоматтандыру пайызы	%			0	80	100	100	
ҚР ТРМК веб-портал деректер базасын толықтыру пайызы (АШМ құрылымдық	%				100	100		

бөлімшелері ұсынған деректері бойынша)							100	
Бағдарламалық өнімдерді және компьютерлік техникалардың үздіксіз жұмыс істеу пайызын қамтамасыз ету	%					95		
сапа көрсеткіштері								
Табиғат ресурстары кадастрының бірыңғай жүйесін жүргізу бойынша функциясын автоматтандыру пайызы (ЕҚТА, жануар әлемі , балық шаруашылығы және орман қоры кадастрлары аясында)	%			85	85	85		
тиімділік көрсеткіштері								
Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесін іске асыру бойынша шығындарының аталған бюджеттік бағдарламаның жалпы бюджеттік қаражаты көлеміне қатысты үлесі	%			5,3	2,5	3		
бюджеттік шығыстар көлемі		1 470 663,2	1 801 615	2 114 991	2 239 656	4 156 487	1 950 352	1 950 352
100-кіші бағдарлама				2 114 991	1 936 951	4 046 319	1 890 405	1 950 352
101-кіші бағдарлама бойынша	мың теңге				182 784			
103-кіші бағдарлама бойынша						34 700		
104-кіші бағдарлама бойынша					119 921	75 468	59 947	

Е с к е р т п е :

*ағымдағы жылы екі жыл бұрынғы деректер ұсынылады

Бюджеттік бағдарлама	002 «Сапалы және сандық көрсеткіштерді (экологиялық нормативтер мен талаптар) әзірлеу»	
Сипаты	Қоршаған орта сапасын бақылауды басқару жүйесін оңтайландыру және шаруашылық және өзге қызметтің қоршаған ортаға әсерін төмендету бойынша шараларды қабылдау үшін қоршаған ортаны қорғау саласында сапалық және сандық көрсеткіштерді (экологиялық нормативтерді және талаптарды) әзірлеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу	
Бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына байланысты	мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету
	іске асыру тәсіліне байланысты	жеке
	ағымдағы/даму	ағымдағы

Бюджеттік бағдарламаның атауы, іс-шаралары және көрсеткіштері	өлшем бірлігі	есептік кезең		жоспарлы кезең				
		2009 жыл (есеп)	2010 жыл (ағымдағы жоспары)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9
тікелей нәтиже көрсеткіштері								
Экологиялық кодекстің дамуына әзірленген нормативтік әдістемелік құжаттаманың саны	бірлік	35	40	40	51	51	51	51
соңғы нәтиже көрсеткіштері								
Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесімен бекітуге ұсынылған, әзірленген нормативтік әдістемелік құжаттама сапа көрсеткіштері	%			100	100	100	100	100
Қоршаған ортаны қорғау саласында әзірленген әдістемелік құжаттаманың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі	%			100	100	100	100	100
тиімділік көрсеткіштері								
Экологиялық кодекстің дамуына бағытталған бір нормативтік әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуге арналған шығындар	мың теңге			896	960	960	960	920
бюджеттік шығыстар көлемі	мың теңге	42 974,8	42 975	35 829	46 920	46 920	46 920	46 920
Бюджеттік бағдарлама	003 «Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер»							
Сипаты	Қоршаған ортаны қорғау саласында іс-шаралар мен инвестициялық жобаларды дайындаудың ғылыми негізделген ұсыныстарымен және ұсынымдарымен қамтамасыз ету; халықаралық табиғат қорғау конвенцияларын іске асыруды ғылыми сүйемелдеу, қоршаған ортаны басқарудың жаңа көзқарастары мен әдістерін әзірлеу, қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми-зерттеу базасын дамыту							
Бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына байланысты	мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету						
	іске асыру тәсіліне байланысты	жеке						
	ағымдағы/даму	ағымдағы						
Бюджеттік бағдарламаның атауы, іс-шаралары және көрсеткіштері	өлшем бірлігі	есептік кезең		жоспарлы кезең				
1	2	2009 жыл (есеп)	2010 жыл (ағымдағы жоспары)	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
тікелей нәтиже көрсеткіштері								
Жүргізілген ғылыми зерттеулердің саны	есептер	67	37	20	19	16	1	

ҒТП шеңберінде жоспарланған зерттеулер бағыттарының саны	дана				5	5	2	1	
соңғы нәтиже көрсеткіштері									
Өткен жылы аяқталған ғылыми зерттеулердегі ұсыныстар мен ұсынымдарды қоршаған ортаны қорғау саласына пайдалану	%	60	75	70	70	70	70	70	
ҒТП шеңберінде жоспарланған зерттеулер бағыттарының уақытылы орындалуы	есептер				1	1	1	1	
ҒТП шеңберінде әзірленген технологиялық шешімдер мен әдістемелік ұсыныстардың жоспарланған саны							5		
сапа көрсеткіштері									
Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығымен бекітуге ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер жөнінде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындыларының үлесі	%			100	100	100	100		
тиімділік көрсеткіштері									
Бір ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған орташа шығындар	мың теңге			5 675	11 821	17 315			
Бір ҒТП жүргізуге арналған орташа шығындар					113 300	113 300	60 900	224 000	
бюджеттік шығыстар көлемі	мың теңге	290 800	210 660	1 13 492	337 900	445 718	60 900	224 000	
Бюджеттік бағдарлама	004 «Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және реконструкциялау»								
Сипаты	Қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту, табиғи ресурстарды қалпына келтіру, сақтау және ұтымды пайдалану, қоршаған орта сапасын басқару жүйесін дамыту, табиғи, экономикалық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану								
Бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына байланысты	бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру							
	іске асыру тәсіліне байланысты	жеке							
	ағымдағы/даму	даму							
Бюджеттік бағдарламаның атауы, іс-шаралары және көрсеткіштері	өлшем бірлігі	есептік кезең			жоспарлы кезең				
		2009 жыл (есеп)	2010 жыл (ағымдағы жоспары)		2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
тікелей нәтиже көрсеткіштері									
Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және реконструкциялау бойынша іске	бірлік	0	0	1					

асырылатын инвестициялық жобалардың саны								
«Щучье-Бурабай курорттық аймағындағы су көздерін (Щучье, Бурабай, Қарасу көлдері) тазарту және санациялау» жобасы бойынша жаңа жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу	дана					1		
соңғы нәтиже көрсеткіштері								
Іске асырылатын жобалар бойынша көлдерді тұнбадан жалпы тұнба санынан тазарту деңгейі:								
Қарасу көлі	%	0	0	0				
Бурабай көлі					51,5			
Щучье көлі					51,5			
Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын ұсыну туралы алынған шешімдер	дана				2			
Топогеодезиялық суретке түсіру және іздестіру жұмыстары жөніндегі есеп	дана				2			
«Щучье-Бурабай курорттық аймағындағы су көздерін (Щучье, Бурабай, Қарасу көлдері) тазарту және санациялау» жобасы бойынша жаңа жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс сараптама қорытындысын алу	дана					1		
сапа көрсеткіштері								
ҚНЖЕ, ҚН және бекітілген құжаттарына сәйкес орындалған жұмыстардың сапасы	%			100	100			
ҚНЖҚ, ҚН сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманың сапасы	%					100		
тиімділік көрсеткіштері								
Іске асырылатын жобалар бойынша тұнбаның бір текше метрінен көлдерді тазартуға арналған шығындар	мың теңге/м ³			0				
Іске асырылатын жобалар бойынша бір көлді тұнбадан тазарту үшін дайындық жұмыстарын жүргізудің орташа шығындары	мың теңге			105 869				
	мың теңге				15 000			

Топогеодезиялық және іздестіру жұмыстарына арналған шығындар								
Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге арналған шығындар	мың теңге					672 600		
